

«ШЫНДЫҚ КЕБІСІН КИЕМ ДЕГЕНШЕ - ӨТІРІК ОН АУЫЛДЫ АРАЛАП ӨТЕДІ!»

Бұл әңгімені қозғауымның басты үш себебі болды:

1.) Танымал қаламгер-журналист Серік Пірназардың «Дидар-гайып» журналында 2020 жылғы №1 санында жариялаған қызылордалық Нәжімәдин Мұсабаевтың Нұратадағы «Сейітқұл баба - Әйтеке би» кешені бой көтеруіне байланысты «бүкпесіз әңгімесі»;

2.) Аталған журналдың кейінгі бір санында осы мақаланың тас-талқанын шығарған Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сәпен Аңсатов ағамыздың «Шындық неге шамданып қалды?» деген мақаласы;

3.) Кешеннің қалай салынғаны жайлы нақты құжаттарға негізделген «Дала даналары» атты деректі фильм мен осы аттас кітап жарық көрсе де бұл «Сейітқұл баба - Әйтеке би» кешенінің жырғы бітпейі!

Міне, осы даулы үш мәселе менің қолыма еріксіз қалам ұстатып араласуыма алып келді!

«ӘЙТЕКЕ БИ» КЕСЕНЕСІ ҚАЛАЙ БОЙ КӨТЕРДІ?



Еліміз үшін елеулі оқиға қазақ халқының ұлы бабаларының бірі, Әйтеке бидің басына мемориалдық кесененің қалай орнатылғанын білгісі келетіндер көп. Кейінгі ұрпақ оның тарихын білуі үшін шындықты өз аузымыздан естігені жөн. Осы оқиғаны бұрынырақ Президенттің Телерадиокешені шығарған «Дала даналары» атты деректі фильмде бастан аяқ баяндап, әрі осы аттас кітапта да жазған едім.

Жалғасы 4-ші бетте ▶

Түркістан облысының делегациясы Корея Республикасының Тэджон қаласына ресми сапармен барды. Сапар барысында Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұралхан Көшеров Woosong университетінің төрағасы Ким Джон Хёнмен кездесіп, SolBridge кампусын аралады.

Делегация өкілдері Woosong және SolBridge университеттеріне экскурсия жасап, сондай-ақ Тэджон қаласындағы жетекші инновациялық және жоғары технологиялық компаниялардың басшылығымен кездесті.

Олардың қатарында электр көліктерін әзірлеу және өндірумен айналысатын «Korea Mobility», косметикалық өнімдер өндіретін «CELLHAPPYCO», жасанды интеллект негізіндегі деректерді талдау жүйесін шығаратын «Euclidsoft», білім беру және ғарыш дизайны жүйелерін шығаратын «Nuguna Co.,Ltd» және теміржол көлігі басқару жүйесімен айналысатын «InterCon Systems» сияқты компаниялар болды.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұралхан Көшеров аймақтың инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырып, облыс эконо-

микасын дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тартудың маңыздылығын атап өтті. Компания өкілдерімен кездесулер барысында ол шетелдік инвесторлар ұсынатын барлық бастамалар мен жобаларды қолдауға дайын екенін білдіріп, бизнесмендер мен компания жетекшілерін Түркістан облысына өңірдің инвестициялық әлеуетін бағалауға және ықтимал серіктестік бағыттарын талқылауға шақырды.

Сондай-ақ, іс-сапар барысында делегация Корей теміржол корпорациясының (KORAIL) вице-президентімен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар көлік-коммуникация саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау бойынша ынтымақтстықтың келешегі мен мүмкіндіктерін талқылады. Негізгі мәселелердің бірі – Түркістан облысында те-

ТҮРКІСТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫ КОРЕЯНЫҢ БРЕНД КОМПАНИЯЛАРЫ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ



өкімінің орынбасары Нұралхан Көшеров бастаған өңір делегациясы және корейлік 50-ден астам кәсіпкер мен іскерлік және дипломатиялық орта өкілдері, оның ішінде КІТА басқарма төрағасы мырза Юн Джин Сик, Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы Елшісі Нұргали Арыстанов және Қазақстан мен Кореяның түрлі экономика салаларының делегациялары қатысты.

Форумның мақсаты — екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы, энергетика, инновациялар мен технологиялар сияқты экономика салаларындағы ынтымақтстықтың перспективалық бағыттарын талқылау және қазақстандық және корей компаниялары арасында жаңа іскерлік байланыстар орнату.

Кездесуде Нұралхан Көшеров екіжақты экономикалық байланыстарды нығайтудың маңыздылығына тоқталып, Түркістан облысының инвестициялар мен бизнестің негізгі аймағы ретінде зор әлеуетін ие екенін атап өтті. ңірде инвесторлар мен кәсіпкерлерге ұсынылатын қолайлы жағдайлар туралы мәлімет беріп, ауыл шаруашылығы, туризм және өнеркәсіп салаларындағы қолданыстағы жобалар туралы кеңінен баяндады.

Форум аясында G2B және B2B кездесулері де өтіп, нақты жобалар мен ынтымақтстық мүмкіндіктері талқыланды.

Шара Түркістан облысы мен Корея Республикасының экономикалық және сауда байланыстарын нығайтуда маңызды қадам болды. зара пайдалы ынтымақтстық үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА: ҚР ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІ

* Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев Үкімет отырысында соңғы 30 жылда Қазақстанда темір, марганец, алтын, уран, мұнай және газ қорларының өсуі байқалғанын хабарлады. Ол Қазақстанның минералдық-шикізат базасына 987 қатты пайдалы қазбалар бар екенін және оларды барлау динамикасы оң болып қалатынын атап өтті.

* Қазақстанда жерде сирек кездесетін металдардың перспективалы аумақтары табылды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев Үкімет отырысында Қазақстандағы жерде сирек кездесетін металдарды геологиялық барлаудың перспективалы учаскелері туралы мәлімдеді. Ол сирек кездесетін металдар саласын дамытуға бағытталған жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу аясында 12 учаскеде іздеу жұмыстары жалғасып жатқанын атап өтті.

* Қазақстанда геологиялық барлаудың инновациялық әдістері енгізілуде. Геологиялық деректерді цифрландыру бойынша одан әрі жұмыс жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, ақпаратты өңдеудің инновациялық әдістерін қолдануды көздейтін жеке жоба шеңберінде жоспарланған. Жасанды интеллектіні қолдану еліміздің геологиясы туралы жинақталған ақпаратты тез және тиімді пайдалануға және еліміздің болашағын анықтау үшін дерек-

терді талдауға мүмкіндік береді.

2024 жылы әзірленіп жатқан өзгерістер: өз қаражаты есебінен аз зерттелген аумақтарда геологиялық зерттеуді жүзеге асыратын инвесторларға жер қойнауын пайдалануға басым құқықты қамтамасыз етуге;

көмірсутектер саласында ұлттық компаниялардың қызығушылығы жоқ учаскелерді іске асыру және игеруге мүмкіндік береді.

Акселерация шеңберінде күрделі орындарды анықтау, міндеттерді қою және оларды жедел орындау бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Қазақстандық жоба интерактивті карталарды әзірлеуді, графикалық материалдарды векторлауды, есептеу қуатын қамтамасыз етуді және мамандарды жаңа технологиялармен жұмыс істеуге оқытуды қамтиды. 2-3 петабайтты өңдеу керек, бұл айтарлықтай ресурсты қажет етеді.

Келесідей техникалық шаралар іске асырылуда:

OCR және ЖИ көмегімен мұрағаттық деректерді цифрландыру;

машинада оқылатын форматқа түрлендіру үшін графиканы цифрландыру;

деректерді біріктіру және Big Data қалыптастыру;

деректерді талдау үшін арнайы ЖИ енгізу.

Келісімшарттық міндеттемелердің орындалмауына байланысты Каспий маңы бассейніндегі сегіз барланған учаске мемлекетке қайтарылды.

«БӨГЕНДІ» КӨТЕРГЕН ӘЙТІМБЕТ ЕРАЛИЕВКЕ АС БЕРІЛЕДІ



Түркістан облысы, Бәйдібек ауданына қарасты Мыңбұлақ ауылдық округі бұрынырақта «Бөген» кеңшарымен әйгілі болған. Алғабас ауданының көлемінде танылған бұл кеңшар республика деңгейінде ірі, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі еді. Ол Арыстанды-Қарабас желінің бастауында орналасып, қазақ-меринос биязы жүнді қой тұқымын өсірумен айналысқан. Бұл кеңшардың мал санынан Оңтүстік Қазақстан аймағында алдыңғы қатарлы шаруашылықтар қатарында болғанын бүгінгі ұрпақ жақсы біледі.

1975 жылы шілде айында «Бөген» кеңшарына Әйтiмбет Ералиев деген азамат директор болып тағайындалды. Кеңшар алдында тұрған қиындықтар мен шаруашылықтағы түйткілдер көп еді. Бұған дейін кеңшар жылды шығынмен аяқтап, тиісті нәтижеге жете алмай келген болатын. Бірақ Әйтiмбет Ералиев өз ісіне адал, сауатты әрі еңбекқор басшы ретінде осы қиындықтарды еңсере білді. Ол бар күш-жігерін салып, жылдар бойы шығынға батқаны шаруашылықты бірнеше жылдың ішінде алдыңғы қатарға шығарды. Ә. Ералиевтің жетекшілігі кезінде «Бөген» кеңшары қарқынды дамып, республикалық деңгейде өз орнына ие болды. Ауылдағы көп-

шіліктің есінде ол тек басшы ғана емес, ел агасы, көмекке зәру жандардың қамқоршысы ретінде сақталды.

Әйтiмбет Ералиевтің еңбегі бүгінде сол өңірдегі көне-көз қариялардың жадында қалды. Төлеби ауданында дүниеге келген азамат, шаруашылықтың көркеюіне қосқан үлесін ешқашан ұмыттырған емес. Алайда, Ә. Ералиевтің өмір жолында қиын кезеңдер де болды. Денсаулығының нашарлауына байланысты кейбір жоспарлары жүзеге аспай қалғанымен, ол өз басқаруындағы жұмыстарды еліміздің ең үздік шаруашылықтарының қатарына көтере алды. Әйтiмбет Ералиев 1987 жылы дүниеден озды. Бірақ оның артында қалдырған іздері, жасаған істері әлі күнге дейін ел есінде.

Өмірінің соңғы жылдарында денсаулығының күрт төмендеуіне қарамастан, ол өзі басқарған кеңшардың өсуі мен дамуына барын салды. кінішке қарай, Ә. Ералиевтің тіршілігіндегі көп жоспарлары аяқсыз қалды, бірақ оның жанқиярлық еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып, артында өшпестей із қалдырды.

2007 жылдың қазан айында, оның қайтыс болғанына 20 жылдығында, ұрпақтары Ә.Ералиевке ас беріп, оның құрметіне ескерткіш-құлпытас орнатты. Салтанатты шараға жазушы Әзіл-

хан Нұршайықов, Байдулла Қонысбеков сынды азаматтар, ел агалары Қансейіт Түймебаев, Уәлихан Сүлейменов, Әбілдабек Шардарбеков және басқа да қонақтар қатысып, оған деген құрметтерін білдірді.

Әйтiмбет Ералиевтің ұрпақтары тек ас берумен шектелмей, Бөген ауылындағы мектепке 1 миллион 300 мың теңгенің компьютер жиынтығы мен 200 мың теңгеге қажетті құрал-жабдықтарды тарту етті. Сонымен қатар, ауылдағы көшелерге 30 түп ағаш отырғызып, білім ошағының айналасын 500 мың теңгеге әсемдеп, бейбіт өмірдің басты құндылығы — білім мен ұрпақ тәрбиесіне деген ыждаһаттылық мен қамқорлықтарын көрсетті.

Бұл жылдары Ералиевтің ұрпақтары әкесінің еңбегін ұлықтап, ауылдың дамуына қосқан үлесін бүгінгі күні де жалғастырып келеді. Осылайша, Әйтiмбет Ералиевтің рухына тағзым етіп, оның ұрпақтары биыл тағы да ас бермек. Алдағы 7-желтоқсан күні Бәйдібек ауданының Мыңбұлақ ауылдық округінде оның 100 жылдығына орай ас беріліп, ескерткіш аллея ашылады. Бұл күннің мән-маңызы ерекше, өйткені аталған шаралар Әйтiмбет Ералиевтің есімін мәңгілікке ұлықтауға бағытталған. Сонымен қатар, жергілікті мектепте бір сыныпқа оның есімі беріледі, ал жастар арасында волейбол турнирі ұйымдастырылып, осы игі шараның аясында ас беріледі деп күтілуде.

Әйтiмбет Ералиевтің есімі тек Бөген кеңшарының ғана емес, бүкіл өңірдің тарихында алтын әріппен жазылып қалғанын айтуға болады.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.



Ә.Ералиевке арналған ескерткіш-құлпытас. 2007 ж.



Ә.Ералиевке арналған еске алу шарасында Ә.Ералиев көшесінің бойына 30 шырша егілді. 2007 ж.



Ә.Ералиевке арналған еске алу шарасының қонақтары. 2007 ж.



Бөген ауылындағы мектептің Ә.Ералиев атындағы сыныбына арналған ұрпақтарының сыйы. 2007 ж.

Быттыр Ақтөбе облысында цифрлық технологияларды пайдалана отырып, шағын жинақты мектептерді дамыту жобасы сынақтан өтті. Жобаны іске асыру барысында ауылдық жерлерде білім беру сапасы мен оқытудың тиімділігі айтарлықтай артқаны анықталды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Ақтөбе облысының барлығы 10,5 мың оқушы контингенті бар 134 шағын жинақты мектебі пилоттық жобамен қамтылды. Жоба қорытындысы бойынша мектептердің 77,4%-да жоғары сапалы интернетке қол жеткізу мәселесі шешімін тапты.

«Оқу процесінде цифрлық шешімдер, соның ішінде тірек мектептер оқытушылары озық технологияларды тиімді пайдалануды, оқушыға оңай жеткізуді жүзеге асырды. Жобаны іске асыру нәтижесінде мектептер онлайн-оқытуға арналған 155 жа-

ЕЛІМІЗДІҢ ӨҢІРЛЕРІНДЕ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНАДЫ



ңартылған цифрлық кабинеттер мен зертханалық жұмыстарды жүргізуге

миканы көрсетті», — деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім

арналған ғылым кабинеттерін алды. Сондай-ақ, 1000-нан астам педагог білім беру бағдарламалары бойынша оқудан өтті. Оқу жетістіктері мониторингінің нәтижелері оқушылардың барлық пәндер бойынша үлгерімінде оң динамиканы көрсетті», — деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім

комитеті төрағасының орынбасары Әлия Чокушева.

Бүгінде Қазақстанда 8 мың мектеп бар, оның 67,4%-ы ауылдық жерлерде орналасқан, ал 51,2%-ы шағын жинақты мектептер болып табылады. Шағын жинақты мектептердің ең көбі Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында орналасқан. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, аталған жобаны келесі жылдан бастап жоғарыда аталған өңірлерде масштабтау жоспарлануда.

Жоба ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен Ақтөбе облысының әкімдігімен бірлесіп, «Қазақстан халқына» қорының, Білім беруді тұрақты дамыту қорының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Ақтөбе.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАЛПЫ ӨҢІРЛІК ӨНІМ КӨЛЕМІ 4 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің Түркістандағы көшпелі баспасөз мәслихатында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды баяндады. Биылғы 10 айда Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының оң өсіміне қол жеткізілді. Экономиканың басты көрсеткіші болып табылатын жалпы өңірлік өнім көлемі алдын ала есеп бойынша 4 трлн. теңгеден асты. Қысқа мерзімді экономикалық өсім 110%-ды құрады (ҚР-105,3%).

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты биылғы Жолдауында экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуды тапсырды. Инвестиция тарту жұмысын күшейту керектігін айтты. Түркістан өңірінде осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Нәтижесінде кіріс көздері ұлғайып, өндіріс орындары көбейде, — деді Дархан Сатыбалды.



Аймақта өнеркәсіп өнім көлемі 8,8%-ға артып, 960 млрд. теңгеден асты. Оның ішінде қайта өңдеуге барынша басымдық берілуде. Есепті кезеңде өңдеу өнеркәсібінде 463 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 113%-ға артты. сім негізінен тау-кен (105,2%), тамақ (103,5%), жеңіл өнеркәсіп (105,9%), машина жасау (106,7%) және жиһаз (1,6 есе) өндірістері есебінен орын алды.

ңірде өндірісті дамыту үшін энергетика тапшылығын шешу және индустриалды аймақтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында, Үкіметке электр энергия бағасын төмендету бойынша ұсыныс енгізіліп, қолдау

трлн. теңгеге жалпы қуаты 2,7 ГВт болатын 7 ірі жоба жүзеге асырылады. Оның ішінде Сайрамда қуаты 1000 МВт болатын станцияның құрылысы басталып кеткен.

Түркістан облысында алғаш рет «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасы жүзеге асырылуда.

— Өлемдегі эко-



өңсесі тіктеліп, отандық тауар айналымының үлесі артады. Сондықтан біз облыста алғаш рет 100 гектар аумақта «Шағын өнеркәсіптік парк» жобасын ашқанымызды ерекше атап өткім келеді. Жоба аясында 308 млрд. теңге инвестиция тартылып, 151 өндірістік ғимарат салынады. 6 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылады. Бюджетке жылына 2 млрд. теңге салық түседі. Қазір 10 нысан салынып, 8 кәсіпорын ашылып, 712 жұмыс орны құрылып үлгерді, — деді Дархан Сатыбалды.

Аталған аумақта жаңбырлатып сугару қондырғыларын шығаратын кәсіпорындар ашылды. Жиһаз, мұздатқыш және құрылыс заттарын шығаратын зауыттар қолданысқа берілді. Бұрын тек шетелден әкелінетін су үнемдеу технологиялары бүгінде Түркістанда шығарылуда. Өндірістік паркте ашылған компаниялардың су үнемдеу технологиялары еліміздің өзге өңірлеріне де сатылып жатыр.

Ең бастысы сол зауыт пен фабрикада еңбек ететін елдің санасы өзгеріп,

тапқан. Сонымен бірге энергетика тапшылығын шешу мақсатында 1,9

Ең бастысы сол зауыт пен фабрикада еңбек ететін елдің санасы өзгеріп,

ШУ ӨЗЕНІ СУЫН МОЛАЙТУ МАҚСАТЫНДА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

Соңғы жылдары Шу өзені суының Созақ ауданы аумағына келіп жайылуы, «Тасөткел» су қоймасынан Шу өзенінің төменгі арнасына экологиялық су тастау жүйесінің бұзылуы аудан тұрғындарын алаңдатқан басты мәселеге айналды.

Бұған дейін су үрдісінің кешігіп, аз мөлшерде келуі экологиялық жағдайға теріс әсер ететіні жөнінде тиісті орындарға бірнеше рет хат жолданып келді.

Бүгін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі, Су шаруашылығы комитеті және «Шу-Талас» бассейндік инспекциясы аталған мәселені шешу жолдарын қарастыру үшін арнайы жиын өткізді.

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында өткен жиынға министр Нұржан Нұржігітов, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұр-бол Тұрашбеков, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев және аудан депутаттары мен ардагерлер, БАҚ өкілдері, сондай-ақ су шаруашылығы саласының мамандары қатысты.

Алғашқы жиын Мойынқұм ауданындағы Гуляев шабындық алқабының маңында орналасқан «Радай» аумағында өтті. Мұнда Шу өзені арнасының ауданға келіп жайылуының экологиялық маңыздылығы талқыланып, аудан ардагерлері мен мамандар өз пікірлерін білдірді. «Фурманов» су торабынан Созақ ауданына арнайы қазылған 120 шақырымдық айналма каналының жай-күйі сөз болды. Жағдайын тексеру мақсатында жиын «Фурманов» су торабының басында жалғасты.

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов 120 шақырымдық айналма канал бойымен жүріп, оның құрылымын қалпына келтіру үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуді тапсырды. Нұрбол Тұрашбеков бұл мәселе облыс әкімінің жеке бақылауында екенін атап өтті. Сонымен қатар, жұмыстардың заң аясында ұйымдастырылып, мерзімінен кешікпей жүзеге асуын қадағалайтынын жеткізді.

Шу өзенінен Созақ ауданына бағытталатын судың мөлшерін арттыру мәселесі де кеңінен талқыланды. Шу өзенінің суын аудан аумағына ақпан айының соңына дейін жеткізу келісілді.

БӘЙДІБЕКТЕ ЖЫЛЫНА 200 МЛН ДАНА ЖҰМЫРТҚА ӨНДІРЕТІН ФАБРИКА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Бәйдібек ауданында алдағы 4 жылда инвестициялық құны 25 млрд теңгені құрайын 27 ірі жоба іске асырылмақ. 2025 жылы жалпы құны 7,6 млрд теңгені құрайтын «Корпорация ER-NUR» ЖШС-ң 860 мың басқа арналған құс фабрикасы іске қосылатын болады. Онда жылына 200 млн жұмыртқа шығарылып, 45 адамды жұмыспен қамту күтілуде. Сонымен қатар, өңірдегі Боралдай ауылдық округінде «Шаян» индустриалды аймағын құру жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін травертин тасын өңдейтін «Рамирта» ЖШС-і орналасып, 44 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. 2025 жылы тағы да травертин тасын шығаратын екінші кәсіпорынның жер телім құжаттары дайындалып, іске қосу көзделіп отыр. Бұл жайында Бәйдібек ауданының әкімі Ерлан Нұрмаханов БАҚ өкілдерімен өткен брифингте мәлімдеді.

«Бәйдібек ауданында 2024 жылдың 10 айында жалпы өңірлік өнім көлемі 57,6 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың тиісті



кезеңімен салыстарғанда 9,4%-ға жоғары. Сондай-ақ, жыл басынан бері ауданның негізгі капиталына 24 млрд теңге инвестиция тартылды. Жыл қорытындысымен көрсеткішті 29,4 млрд теңгеге жеткізу көзделіп отыр. Ауыл шаруашылық саласында да ауыз толтырып айтарлық жаңалық жетерлік. Бүгінгі күнге дейін аталған саладағы өнім көлемі 31,1 млрд теңгеге жетті» - деді спикер.

Бүгінгі таңда ауданда шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны 5 520 бірлікті құрап отыр. Сонымен қатар, ел Президентінің «10 мың тұрғынға 100 тұрақты жұмыс орындарын ашу» жөніндегі тапсырмасының аясында ауданда биыл 401 жұмыс орны ашылған. Айта кетейік, аудандағы жалпы халықтың 18 мыңы экономикалық белсенді. Оның ішінде 17 мың азамат тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аудандағы инфрақұрылым саласында да бірқатар оң өзгерістер бар. Бүгінгі таңда аудандағы табиғи газбен қамтамасыз ету көрсеткіші 62,1% болса, жыл соңына дейін нәтижені 86%-ға жеткізу көзделіп отыр. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының 97,8%-ы таза ауыз сумен қамтылған. Сондай-ақ, ауданда 2024 жылы «Оңтүстік Жарық Транзит» серіктестігінің инвестициялық бағдарламасына сәйкес, 5 елді мекенде 13 шақырым өзе желілері мен 512 бағана орнатылған.

СОЗАҚТЫҢ КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ 5 ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ТОЛЫҚТЫ

Созақ ауданында облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбеков туган жеріне қамқорлығын білдіріп, ауданға 5 дана жаңа Беларусь 801 маркалы тракторын тарту етті. Бұл техникалар арнайы қоқыс тасымалдауға арналған жетек, көше сыпыру және қар тазалауға қажетті жабдықтармен толықтырылған.

Жаңа техникаларды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков қарсы алып, қуанышты сәтпен бөлісті.

— Біз ерекше сәттің куәсі болып отырмыз. Үйткені, ауданымызға қосылған жаңа техникалар — бұл тек материалдық көмек емес, ауылдың тазалығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды бастама және ауданымыздың көркеюіне қосылған зор үлес екені анық — деген аудан басшысы жыл соңына дейін аудандағы техникалар мен коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыруға бағытталған жоспарларымен бөлісіп, тың бастамаларды жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.

Шара аясында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов пен еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков жылы лебізін білдірді.

Облыстық мәслихат депутаты Мағауия Тұрысбеков өз сөзінде: «Бұл бастама — тек аудан үшін ғана емес, бүкіл еліміздегі экологиялық тазалықты жақсартуға бағытталған үлкен жобаның бір бөлігі. Бұған дейін ауданда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық шарасы аясында сенбілік жұмыстарына атсалысып, тал егу жұмыстарын жүргіздік. Сол сәтте ауданымыздағы техникалық құралдардың жетіспеушілігі байқалды. Осы мәселені шешу үшін тазалыққа қажетті техникалар жеткізуді көздеп, бүгінгі күнге сәті түсті. Бұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табары анық», — деп атап өтті.

Ауданның Құрметті азаматы, спорт ардагері Анарбай Шәдібеков те өзінің жүрекжарды тілегін білдіріп, облыстық мәслихат депутаты Мағауия Сексенбайұлының демеушілігімен жүзеге асырылған жұмыстарды жоғары бағалады.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

«ШЫНДЫҚ КЕБІСІН КИЕМ ДЕГЕНШЕ»

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2007 жылдың күзінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының збекстандағы Елшісі болып тағайындалдым. Бұған дейін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болып қызмет атқарғандықтан, әрі өзім Оңтүстік Қазақстанның тумасымын, збекстан Республикасының көптеген басшыларымен жақын таныс едім.

збекстан Республикасының тұңғыш президенті И.А.Каримовпен сыйлы қарым-қатынаста болдым.



Фото И.А.КАРИМОВ

Үкіметтің вице-премьері И.Х.Жорабековпен, Әкімшілік жетекшісі збекстан Президентінің көмекшісі Зелимхан Хайдаровпен ағайындық қарым-қатынасым жақсы болды.

Жеке достық қатынастар көптеген мәселелерді жедел шешуіме септігін тигізді. Мысалы, Ташкент қаласының орталығында біздің Елшілік қалашығын салуға 2 га жер учаскесі бөлінді. Бөлінген жер тегіс емес екен, ол жерлерді тегістеу, ескі үйлерді бұзу және оған өтемақы төлеу Ташкент қаласының әкімшілігі үшін үлкен қаржыны қажет етеді. Мен З.Хайдаровтың қабылдауында болдым. Зелимхан әке Ташкент қаласының әкімі Абдіқахар Тухтаевқа телефон шалып, жер мәселесін шешіп беруді өтінді. Қала әкімімен келесі күні нысан басында сағат 11-де кездесетін болып келістік. Мен ертерек барып қонақты күтіп алайын деп шештім. Тосып тұрмын. Осы сәтте бізге бөлінген жерде екі адам жүрді, мен оларды жергілікті адамдар екен деп ойласам, олар қала әкімі мен құрылыс министрі болып шықты. Маған жақын келіп амандасқан соң З.Хайдаровтың тапсырмасы орындалғанын, жер тегістелетінін жеткізді.

Біздің көптеген басшыларымыз тапсырманы жедел орындауды осы өзбек әріптестерінен үйренгені абзал. Елшілік қалашығының жобасы сәнді-салтанатты шықты. Біздің Сыртқы Істер Министрлігінің басшылығы жобаны Н.Ә.Назарбаевқа келісуге апаруға дәті шыдамады. Жобаны бекіту үшін Президентке өзімнің баруыма тура келді. Нұрсұлтан Әбішұлы сызбаны қарап шығып: “Сен бұл жерден екінші Ақ Орда салайын дедің бе?” — деп сұрады. Мен: “Нұрсұлтан Әбішұлы, біздің өзбек ағайындармен туыстық әрі тату көршілігіміз бар, тарихи тамырымыз тереңге кетеді, оның үстіне қандастарымыз да көп тұрады, сол үшін Ташкенттегі Қазақстан Республикасының елшілік ғимараты елеулі болғаны жөн және ол Ташкент қаласының көркіне өзіндік қолтаңба қалдыру керек” — дедім. Жобаны «Құшақ» деп атадық. Ғимарат жартылай дөңгелек болып, біздің өзбек халқымен туыстығымыздың белгісі білініп тұруы тиіс. Ол жылдары збекстан Президенті И.А.Каримовтың келісімісіз Ташкент қаласында бейнелі сөзбен айтсақ “ағашты кесу” мүмкін емес еді. Мен біздің жобаны збекстан Президенті И. Каримовке арнайы жария еткенде, ол өте разы болып, осындай шешімі үшін Н.Ә.Назарбаевқа алғыс айтты.

Жоба бойынша елшілік қалашығындағы Елші резиденциясы, дипломаттарға арналған тұрғын үй ғимараты, қонақтарды қабылдауға арналған ашық бассейні мен дендропарк, жүзу бассейні мен спорт

залы жоспарланған еді. Мен Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ресейдегі Елшісі болып ауысуыма байланысты, Ташкенттегі елшілік құрылысын аяқтай алмадым. Бұл — 2009 жылы тамыз айы еді.

2008 жылы збекстандағы Қазақстан Елшісі болып жүрген кезімде достарым Қаражан Сердәлиев және Алтынсары Үмбетәлиевпен бірге Науаи облысындағы Нұрата қаласына бардық. Ол Ташкент қаласынан 550 шақырым қашықтықта орналасқан. Біз атақты кіші жүз биі Әйтеке бабаның жатқан жеріне зиярат етуді мақсат тұттық. Нұрата қаласына Науаи жағынан кірдік. Көз алдымызда аумақты зиярат қорымы. Сейітқұл әулиенің кірпіштен қаланған зиратын таптық, жанындағы 5,5 метрдей қашықтықта қалақтай мрамор тақтайша қойылған Әйтеке бидің қабірі жатыр.

Оны 2005 жылы Төлеу қажы Қосан мен Сәрсенбай Тәжімұрат орнатқан екен.



Қаражан Сердәлиев, Зауытбек Тұрысбеков, Алтынсары Үмбетәлиев. Әйтеке би қабірінің басында. 2008 жыл.

Біз ұлы бабаларымыз Сейітқұл әулие мен Әйтеке би моласының тозып кеткен түрін көріп қатты қынжылдық. Алтынсары Құран оқыды. Қаражан әрірек барып еңкілдеп жылады, біз оны әрең жұбаттық. мірде кезек күттірмейтін мәселе де кездеседі ғой. Ойластыра келе бабаның басына кесене (мавзолей) орнату керек деген ұйғарымға келдік. Содан кейін қалаға соғып, базардағы құрылыс материалдарының құнын есептедік. Тура сол аралықта менің сонау 1997 жылы Оңтүстік Қазақстандағы Ордабасыда қазақтың үш биіне арнап тұрғызған стелла құрылысына Нұратаға барып, мрамор плиталарына тапсырыс бергеніміз есіме түсті. Бірден сол заводқа тарттық. Алдымыздан кәсіпорын директорымын деп жас жігіт шықты. Бұрынғы бастық қайда деп сұрап едік, өзі оның туған баласы екен, есімі Ұлықбек боп шықты. Ал әкесі Шады үйде ауырып жатқанын жеткізді. Біз енді тура сол кісінің үйіне тарттық. Шады әке система алып жатыр екен, бізді көре сала бөріні тоқтатып, дастархан басына жайғастық. Денесі ірі, батыр тұлғалы ақсақалдың жүзі аса мейірімді көрінді осы жолы. Ол бізді зейінмен тыңдап, Әйтеке бидің басына кесене құрылысын тұрғызуға келіп жүрген адамдардың алғашқысы да, соңғысы да сіздер емес дегенді айтты. Бұл мәселемен 90-шы жылдары Науайы облысының әкімі болған Әбдіхалық Айдарқұлов деген қазақ жігіті айналысқан екен, ештеңе шығара алмапты. Кесене тұрғызуға Қазақстаннан да талай адамдар келген, бірақ еш нәтиже шықпаған. Күрделі мәселені тек елдің жоғарғы

басшылығы ғана шешеді деді. Шады әке жеті атасынан бері қазақ болып шықты. Баяғыда Нұратадан керуен көшкенде он жасар бала арбаның көлеңкесінде ұйықтап жатып, керуенге ере алмай қалып қойған екен. “Көзімнің тірісінде Әйтеке бидің басына орнатылған кесенені көріп кетсем!” деп армандап өткен аталардың ұрпағы көрінеді. Қоштасарда мен оның арманы орындалуына бар мүмкіндікті жұмсаймын деген уәде бердім.

Ташкентке оралған соң, збекстан басшыларымен жолығып, осы мәселені талқылаудың сәті түсті. Ұлы тұлғамыз Жалаңтөс Баһадүрдің әкесі Сейітқұл әулиенің кесенесін салуға рұқсат алдым. збекстанда Самарқанның билеушісі болған Жалаңтөс батырдың есімін аса құрмет тұтады. Өлімнің Төртқара руынан бес ұлы адам шыққан. Әмір-Темір ұстазы Ораз қажыны даналығы үшін құрметтеп, барлық мәселелері бойынша ақылдасып отырған. Оның немересі Сейітқұл әулие бұл кезде Буқараның терістік қақпасы саналатын Нұратаны билеп тұрған кезі болатын.

Нұратада Әмір-Темір жаугершілік жорықтарының алдында жұма намазын өткізетін екі мешіт сақталыпты. Қаланың ортасында секундына 4 текшеметр су шығатын қасиетті бұлақ бар. Атағы Меккенің зәм-зәм суымен пара-пар бұл бұлақ суының құрамында алтын, күміс, йод сияқты пайдалы элементтер көп. Кейде бұлақ суының беті кемпірқосақ секілді саналуан түрге құбылып, нұрлы түске бөленеді. Сол үшін де шығар, бұл жердің Нұрата деп аталуы.

Бұлақта балықтың көптеген түрлері бар, уылдырық пашу үшін жер асты суымен жүздеген шақырымға дейін жүзіп кетеді екен. Сол жерлерде қоректенеді. Әлі күнге дейін ешкім өлген балықты көрмеппі. Балықтарды аулауға, қолмен ұстауға қатаң тыйым салынған. Ал суды күміс ыдыспен ғана ішу керек. Қала маңында Ескендір Зұлқарнайын салдырған ескі қамалдың үйінділері көрінеді. Ескендір Зұлқарнайынға у беріп, улаған кезде, ол осы бұлақтың

суын ішіп аман қалған деген аңыз бар. Қалаға кіре берісте 3 мың жылдық тарихы бар үлкен қорым жатыр. Осы қорымда Сейітқұл әулие, Әйтеке би жерленген. Әйтеке би Қарақалпақ жерінде қайтыс болған. лерінің алдында халықтың «Біз енді не істейміз?» деген сауалына «Тірі қалу үшін Сырдария өзенінің сағасына түсіндер» деген екен. Сондықтан оның көптеген ұрпақтары бұл күндері Қызылорда облысында тұрады. Ал өзін Нұратадағы Сейітқұл әулиенің қасына жерлеуді аманат еткен көрінеді.

Сейітқұл әулиенің екі ұлы Орта Азия тарихында өшпес із қалдырды. з кезінде «Шығыс жұлдызы» деп аталған Жалаңтөс Баһадүр Самарқан қаласын 47 жыл биледі. Ол Регистан алаңына екі медресе салдырып, бірін «Тіллә-Қари» (алтынмен апталған), екіншісін «Шердор» (арыстан қақпасы) деп атады. Бұл медреселер — сол кезеңнің Оксфорды мен Кембриджі болған деседі! Қазір де әлем таныған тарихи және мәдени ескерткіштер қатарына жататын айтулы орындар. Жалаңтөс Баһадүр өз қандастарына жоңғар шапқыншылығын талқандауға екі рет көмектесті. Ол Жетісуды азат ету үшін 30 мың әскерін аттандырса, келесі жолы Салқам Жөңгір әскеріне көмектесіп, жоңғарларға қарсы тұру үшін Орбұлақ шайқасына 20 мың әскер аттандырады. Жалаңтөс Баһадүр Самарқаннан 12 шақырым жерде Дағбит қыстағына жерленген. Ол көзі тірі кезінде Әмір-Темірдің кесенесі сияқты мавзолей соқтыруға шамасы келсе де, тас төріздес тахта ғана жасатыпты. Келген халық ұстаздарының қабірлерін басып кетпейтіндей етіп,

оларды зираттың ішіндегі жоғарылау жерге жерлеуді бұйырыпты. Ал өзі ұлы ұстаздарының төменгі жағына, кіре беріске жерленген.

Ақша хан қоқан хандығын басқарды. Жалаңтөс Баһадүрдің немересі, Сейітқұл әулиенің шөбересі Әйтеке би Самарқандағы медреседе оқыды. Сонан соң Жалаңтөс Баһадүрді қамқорлығымен шет елде әскери білім алған.

18 жасында жекпе-жекте жауын жеңіп батыр атанады. Әйтеке би шынайы сөз шебері, шешен болды. Кейіннен кіші жүздің Биі атанған. Енді кесене құрылысын қаржыландыру мәселесін шешу керек болды. Қазақстанда «Әйтеке би» атындағы бірнеше қор бар еді. Мен сол кезде Шардарадағы «Әйтеке би» қорының жетекшісі Жұмабек Мұқановпен хабарластым.

Жұмабек қордағы жиналған қаржыға Әйтеке би туралы кітап шығармақшы, одан түскен қаражатты кесене құрылысына жібермекші мақсатта екенін айтты. Мен мұның мүлде тиімділігі жоқ екенін түсіндім. Енді негізінен кіші жүз өкілдері тұратын бес облыстың әкімімен сөйлестім. Ақтөбе облысының әкімі Елеусін Сағындықов өз жерінде Әйтеке бидің ескерткішін орнатпақ, сол себепті біздің жобаға қатыса алмайтынын айтты. Бірақ келесі бір шараларда менің өтінішімді орындаймын деп уәдесін берді. Және өз уәдесінде тұрып, Мәскеудегі Әлия Молдағұлова атындағы мектепті күрделі жөндеуден өткізуге, 1943 жылы Ржевтегі «Марс» операциясы тұсында із-түзсіз жоғалды деп есептелген 100 және 101-ші атқыштар бригадасы боздақтарына ескерткіш қоюға да қаржы бөлді. Төрт айдың ішінде Кеңес Одағы Қорғаныс Министрлігінің Подольск қаласындағы мұрағатынан 10 мың қазақстандық жауынгердің аты жөнін тауып, Ржев қаласындағы мемориалдық кешенінде мәрмәр тасқа есімдерін ойып жаздық. Бұдан былай олар «Белгісіз жоғалып кеткендер» қатарында емес! Отан үшін отқа түсіп, есімдері ескерткіш боп тарихта мәңгілікке жазылып қалған қазақстандық батырлар!

Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаев Қаражанды қабылдау бөлімінде апта бойы күттіріп, қаржылық көмек көрсете алмады. Атырау облысының әкімі Бергей Рысқалиев та көмектесуден бас тартты. Ал Қызылорда облысының әкімі Болатбек Қуандықов, басқа облыстардағы үлкен әкім ағалары құп көрсе ғана көмектесе алатынын білдірді. Сөйтіп, Әйтеке би кесенесі құрылысын салу ісі тығырыққа тірелді.

Уақыт өтіп жатты. Мен, Қаражан, Алтынсары үшеуіміз құрылысты өз қалтамыздан шығарған қаражатпен бастауға бел будық. Сол күндердің бірінде мені Руслан Бексейітов бауырым Шымкентке тойға шақырды. Той үстінде мен Жалаңтөс Баһадүрдің ұрпағы Рахат Байзақовпен таныстым. Менің сауалыма жауап беру үшін екі күнге мұрсат сұрап, айтқан уәдесінде тұрды. Сол тойда тағы бір кіші жүздің екі ақсақалымен сөйлесіп едім, олар «Әйтеке би» қорына екі мәрте 500 доллардан қаржы қосқанын айтып шығарып салды. Ары қарай үлкен ұлым Асқардан Әйтеке бидің ұрпақтарынан достарың бар ма деп сұрадым.

Келесі күні Асқар телефон шалып, көмектесетін екі адам тапқанын айтты. Бұлар елімізге танымал кәсіпкерлер Есенгелді Байменов пен Шахарбек Усмановтың баласы Сұлтан Усманов екен.

Мен Шахарбек Усмановты бұрыннан білетін едім, ертеңгісін телефон шалып, ынтымақтасып жұмыс істеуге шақырдым. Ол кісі қуанышын жасыра алмады, сөйтсем өзі Шымкенттегі «Әйтеке би қоры» басшысының орынбасары болып шықты. Сөйтіп кесене құрылысына араласуға дайын екенін жеткізді. Солай болды да, Шакең кесене құрылысының басы қасында болып, біткенше менімен бірге жүрді!

Құрылыс біткен кезде менің көлік жүргізушім Әуелбек, осы құрылыс жұмыста-

ӨТІРІК ОН АУЫЛДЫ АРАЛАП ӨТЕДІ!»



рымен жер шарын бір жарым рет айналып өткендей 60 мың шақырым жол жүргенімізді айтты. Ия, біз Ташкенттен таңғы 4-те шығып, Нұрата, Бұхара, Самарқанды айналып, 1200 шақырымды артқа тастап кешкі сағат 10-да қайтадан Ташкентке оралатынбыз. Апта сайын солай, кей кездерде бір жетіде екі реттен. Жолда келе жатып Шөкен: “Зөке, бірінші құдай, екінші Сіздің арқаңызда Әйтеке би бабамыздың кесенесі бітіп келеді” дейді.

Көп кешікпей біздің топқа Қаражан өзінің бауыры Бернарды да қосып алды. Мен збекстаннан шыққан бүкіл ішкі кұхняны білетін белгілі меценат, кәсіпкер Ибадулла Қалыбековті шақырдым. Ол өзі орта жүз руының қоңыраты еді. Ибадулла кезінде бұндай шешілмейтін іске кіріспеуімді сұрап, көп үгіттеген болатын. Ол: “Бұл дегеніңіз саяси астары бар іс, өзбек ағайындар істетпейді! Заке, босқа абыройыңызды төгесіз, қоя салыңыз!” дейтін. Шындығында да сондай қауіптер болды. Біле тұра күрделі шешімдерге бардық. Балалар алдындағы, тарих алдындағы қасиетті істі біз, Зауытбек Тұрысбеков, Қаражан Сердәлиев, Алтынсары Үмбетәлиев, Рахат Байзақов, Шахарбек Усманов, Есенгелді Байменов, Ибадулла Қалыбеков, Бернард Сердәлиев, яғни Қаражанның сөзімен айтқанда «Сегіз атымтай-жомарт азаматтар» атқардық. Әрқайсымыз әр жер, әр рудың өкілдері едік. Бізді қазақ халқының ұлы даналарының бірі Әйтеке бабамыздың алдындағы тағзым біріктірді!

Қазіргі кезде жеке бастың қамы үшін кейбіреулер халықты жікке, руга бөлу сияқты келеңсіз көріністер орын алып қалады. Кім екенінді біл, бірақ біртұтас халықтың келешегі үшін жаман әдеттен арылу керек. Төле би бабамыздың айтқанындай «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін!» дейік.

Құрылысты қаржыландыру мәселесін шешкеннен кейін, мен збекстанның тарихи ескерткіштерін қалпына келтіру комитетінің төрағасы Равшанбек Мансұровпен жолығу үшін жолға шықтым. Ол өз ісінің маманы, сондай бір биязы, салихалы азамат көрінді. Біз өз жоспарымызды айтқан кезде, оның өзі бұл мәселемен бұрыннан таныс болып шықты. Бұл іске бізден бұрын да Қазақстаннан біраз адамдар келгенін, бірақ одан ешқандай қорытынды шықпағанын, кесене құрылысын тек жоғарғы басшылықпен келісу арқылы ғана шешілетінін ашып айтты. Мен бұл мәселенің өбден пысықталып, келісілгенін жеткіздім. Келесі кездесуде ол кесене жобасын 6х6х6 метр көлемінде дайындап қойыпты. Мен Сейітқұл әулие мен Әйтеке би зиратының ара қашықтығы 5,5 метр, демек біз кесененің көлемін үлкейтуіміз керек екендігін жеткіздім. Равшан әка збекстан заңдылығы бойынша олай жасауға мүлде болмайтынын ескертті. Ол Әйтеке би мүрдесін Сейтқұл әулиенің қасына қайта жерлеу керек деген ұсыныс білдірді. Бірақ мүрдені қозғауға болмайды, демек бұл мәселені шешу үшін басқа амалын қарастыру керек болды.

Сонымен, кесене құрылысын ақылдасу үшін Қазақстаннан барша халықтың құрметіне ие боп жүрген абыз ақсақалдар Әбіш Кекілбаев, Мырзатай Жолдасбеков және Ақселеу Сейдімбеков ағаларды арнайы шақырдым. Мырзекең бұл мәселені Әбіш Кекілбаев шешсін деді. Әбекең ойланyp қалды. Сол аралықта бірге келген жұбайы Клара апа: “Кесене көлемі збекстанның заңына сәйкес келмесе оны бұзуга болмайды, заң бұзылса — мүлде ештеңе салғызбайды... Қысқасы, Зауытбек құрылысты бастай бер! Енді тоқтатсаң, біздің бір түсінгеніміз — бұл жерде тұқ те салынбайды!” — деді. Барлығы апамыздың ұсынысымен келісті.

Келесі күні Равшанбек ағамен қайта кездесіп, сөйлестік. Орта Азия тарихын, тарихи ескерткіштерін жақсы білетін өңгімешіл адам екен. зі текті жерден шыққан, атасы Қажымұқан Мұңайтпасовпен жақын дос, бір рудан, яғни Қарақыпшақ

Қобыланды руынан болып шықты. Менімен жасы да құрдас екен, тез тіл табысып кеттік. Мені сыйлағандықтан жобаны біздің қалауымыздағы қалпында қалдырды. Тек еш жерде, баспасөзде, не басқа басқосуларда кесене құрылысы мен көлемі жайлы бір ауыз сөз айтылмасын дегенді ескертті. Мен оған солай болатынына сөз бердім!

Сөйтіп біз бірден Нұратаға жолға шығып кеттік Мұсылман дәстүрі бойынша өгіз сойып, Құран бағыштадық, Кесене құрылысының мөлшерін сыздық. Шөлейт аймақ болған соң артезиан құдығын қазу керек болды, оны

Алтынсары өз міндетіне алды. Құдықты жергілікті жұмысшылар бұрғылады, оған Шады әканың ұлы Ұлықбек басшылық етті. Су 136 метр тереңдіктен шықты. Осы аралықта Сыртқы Істер Министрлігінің кестесі бойынша мен екі апта еңбек демалысына шықтым.

Равшанбек құрылыс іргетасын тезірек бастауға уәде берді. Арада жарты айға жуық уақыт өтіп, Нұратаға келсем, құрылысты әлі бастамапты. Тездеп Ташкентке жетіп, келесі күні ертемен Равшанбек әкаға кірдім. Ол кабинетіндегі орынтағында ұнжырғасы түсіп отыр екен. Сол күйде маған ренжүлі кейіппен қолындағы қазақстандық газетті ұстата салып: “Біз бұқаралық ақпарат құралдарына кесене құрылысы жөнінде ешқандай ақпарат берілмейді деп келісіп едік қой?” — деді. Мен тұқ түсінбей, аң-таң тұрмын!

Қысқасы, ол құрылыс басына келгенде даурығып-шулаған, көңілдері көтеріңкі масаң адамдарды көріпті. Олардың ішінде «Әйтеке би» қорының жетекшісі Жұмабек Мұқанов, галым мірзақ Озганбаев болған. Сол аптада республикалық газетке “Міне біз Әйтеке бидің кесене құрылысын бастадық!” деген көлдей даурықпа мақала мен фотосуреттер жариялаған гой. Мен не дерімді білмей, аңтарылдым да қалдым. Ал Мансұров болса енді кесене құрылысына жоламастай, ат-тонын ала қашты. Алдында ғана құрылыс үшін бар жауапкершілікті өз мойнына алған адамның бұл шешімін жөн деп қабылдадым. йткені өзім гой — уәдесінде тұра алмаған! Біз үнсіз қостадық.

Қаражан журналист еді, «Жас Алаш» газетінің редакциясымен хабарласып, мәліметтің дұрыс еместігін дәлелдеп, қайта мақала жариялады. Арада бірер ай уақыт жоғалтып, біз Равшанбекпен қайта кездестік. Осы бір оқыс оқиғаға біздің ешқандай қатысымыз жоқ екенін, қайта біздің де жүйкемізді жұқартып, есіл уақытымызды ұрлағанын ұқтырдым.

Құдай жарылқап, енді құрылысты қайта жалғастыра беретін болып.



Равшанбек әка, осы оқиғадан кейін Әйтеке би кесенесі құрылысын қайта жалғастырды. 2008 жыл.

Осы тұста тағы бір маңызды оқиға орын алды. Біз негізгі бетон құю кезеңінде қалыңдығын бір жарым метрдей етіп аяқтап қалған едік, дәл сол сәтте Қазақстанның Сыртқы Істер Министрлігінен маған Әйтеке бидің бас сүйегі Алматыдағы антропология институтының зертханасында екенін хабарлаған хат келді. Мен жедел түрде профессор Оразақ Ысмағұловқа хабарластым. Шынымен де үш жыл

бұрын збекстаннан жасырын алып шыққан бас сүйек институтта қалып қойған. Мен құрметті профессорға бұл үшін заңдылық жауапкершілікке тартуға болатынын ескертіп, маған көмекшім Мейірхат Қасымбаев арқылы беріп жіберуін сұрадым. Мейірхат жәшікке салынып, сырты оралған бас сүйекті дипломатиялық көлікпен алып келді. Бас сүйек салынған жәшікті алғаннан кейін бірден Равшанбек Мансұровқа бардым.

Ол менен бас сүйекті Қазақстанға кім апарғанын сұрады. Мен: “Сіздердің бір маман, ұлты татар болуы керек!”—дедім. Мансұров телефонмен хатшы қыздан сол маманды шақыртты. Кешікпей орта бойлы арық адам кіріп келді. Равшанбек оны отырғызып, Әйтеке бидің бас сүйегі қайда екен деп сұрады. Ол ойланбастан бас сүйек Бегабадта збекстанның антропологиялық институтында екенін айтты. Равшанбек хатшы қыздан Бегабадпен қосуды өтінді. Өлгі маман бас сүйектің Алматыдағы антропологиялық институтта екенін айтып отыр. Тура сол сәтте Равшанбек мені нұсқап “Мына адам Қазақстанның елшісі, бас сүйек жәшікте салынған, екі маман ал да Нұратаға тарт! Бас сүйекті орнына қойып, барлық заңдылықтармен фотоға түсіріп ал” — деп тапсырды. Сонымен қатар бізге де мұсылман қағидасы бойынша Құран оқып, құрбандыққа қой шаласындар деп ескертті.

Егер бұл жағдай кездейсоқ белгілі болмаған жағдайда— бас сүйек Алматыда біржола қалып қоятын ба еді, кім білсін?! Егер біз кесенені бетонмен толық жауып тастағанда, бас сүйектің қайда екенін ешкім білмейтін еді. Әйтеке бабаның аруағы бәрін өз орнына қойды!

Ойдағымыз орындалып, кесененің ұзындығы 15 метр, ені 9 метр, биіктігі 11 метр болып бітті! Кесене күмбезінде өдемі сталактиттер орнатылды. Бірақ, бір өкініштісі — ол кесене қабырғасына жақын келген кісіге көрінбей қалады екен. Өттеген-ай дестік... Жаны жайсаң Равшан әка біздің өкінішімізді түсіністікпен қабылдап, күмбезді қайта жауып, сталактиттерді қайтадан 75 сантиметрге көтеруді тапсырды. Сонан кейін ғана күмбез жан-жағынан жарқырап кетті!

Кесене қабырғасы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі технологиясымен бір шеге қақпай жасалды. Құрылыс аяқталған соң Равшанбек Мансұров «Сегіз Атымтай жомартқа» аттары аталып, өзінің қолы қойылып, мөрі басылған сертификат тапсырды.

збекстанда елшілік қызметте жүргенде осы оқиғалар бастан аяқ баяндалатын «Мәңгі достық» және «Дала даналары» атты екі деректі фильм жасадық. Кейін «Дала даналары» кітап болып шықты.

Қазақ және өзбек халықтарының мәңгі достығы туралы фильмнің тұсаукесерін Астана қаласында өткіздік. Деректі фильмеге тарихшы ғалымдар, жазушылар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, үкімет адамдары мен депутаттар қатысты. Фильм жоғары бағаланды.

Сол кезде бізге мешіті, минареті, қонақ үйі мен мұражайы бар бір тұтас кешен салсақ деген ой туды. Астанадан келгеннен кейін Равшанбек әкадан осы кешеннің жобасын әзірлеуді өтіндім. Жоба әзірленгеннен кейін өзбек жағынан басшылар жоба құнын біршама арттырып жібергенін байқадым. Қайтадан қараған кезде Равшанбек әка бізді қолдап, жоба құнын әжептеуір төмендетті. Мен қаржы жағынан қиналатынымызды ескеріп, осындай байламға бардым. Ал құрылыс кезінде апта сайын есеп айырысып отырдық. Мешітті тұрғызған уақытта жі-

гіттердің қалтасының түбі көрінді.

Қайтадан демеушілерді іздетіру керек болды. Мен байырғы досым Мұхит Ізбановқа телефон шалып, мешіт құрылысына көмектесуді өтіндім. Олар келісті. «Сейітқұл әулие - Әйтеке би» кешеніндегі мешіт құрылысын Мұхит Ізбанов, Амангелді Баракатов, Орынғали Әлдекенов және Аманжан Рысқалиевтар көтеріп алды. Оған ұлы ағамыз Аман Тулеев үлесін қосты.

Шырағданын біздің тапсырысымыз бойынша Ташкенттегі «Мирас» зауытында жасады. Кесенелердің ашылу салтанатын мынадай күн тәртібімен: «Төле би» кесенесі Ташкентте 30 маусым 2009 жыл деп, ал Нұратадағы «Әйтеке би» кешенін 31 маусым 2009 жыл деп белгіледік. Ташкентке Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Әбіш Кекілбаев жұбайымен, мірбек Байгелді, Мүсілімбаи Дайырбеков, Сәбит Оразбаев, Тынысбек Кәліменов, Тұңғышбай Жаманқұлов, осы кісілердің қатарында менің 80 жастағы анам, Төле бабаның Жолан баласынан тікелей тараған жетінші ұрпағы Жұпар Мәдуанқызы және басқалары жиналды. Қонақтар көп болды. 30-шы маусым күні күрделі жөн-деуден өткен «Төле би» кесенесі салтанатты түрде қайта ашылды.

Осы жөндеу жұмысының ең күрделісі — күмбезді реконструкциялау болды. Біз оны XVII ғасырдың әдістемесі бойынша майолика мен сталактиттерден өрдік. Ал еденді көтерген кезімізде ешқайсымыз күтпеген, алайда ешкімді бей-жай қалдырмаған көрініске тап болдық. Ол мынау еді: Төле бабаның құлпытасының дәл астынан бос кеңістік көрінді. Сол жерден сап-салқын ауаның лебі ұрады. Біз прожектор арқылы байқасақ, жер астындағы кеңістік көдім-гідей аумақты екен. Ең бастысы онда биіктігі екі метрдей, төбесі киіз үй шаңырағы тәрізді дөңгелек, қабырғалары кірпішпен өрілген көр көзге шалынды. Қабірлің күмбезі де, көрдің күмбез тектес ұзын коридоры да кірпішпен өріліпті. Ал қабір тамның қақ ортасында кірпішпен көмкерілген Төле бабаның бейіті жатты. Әрине, бұның бәрі кімді де болса бейтарап қалдыра қоятын жай көрініс емес еді. Біз молдаға Құран оқытып, бұл мәселеге кейінірек қайта ораламыз деп жоспарлап, кесенені жөндеу жұмыстарын жалғастыруға көштік.

Кешеннің төменгі бөлігінің ішкі жағын да майоликамен қаптадық. Алтынмен жалатылған ішкі көркемдеу жұмыстары көрген жанды көзайым етті! Төбесі мен қабырғасы Бұхар, Самарқан, Хиуа шеберлерінің қолынан шыққан ұлттық нақыштағы суреттермен көмкерілді. Ортасына Ираннан жеткізілген біртұтас оникс-көктастан ұзындығы 1,8 метр, ені 0,6 метр көлеміндегі құлпытас қойылды. Оны тамаша суретші, өз ісінің майталман маманы Рустам әка төрт ай бойы өрлеп, әсемдеді. Құраннан алынған қасиетті сөздер қашалды. Ал алдыңғы бет жағына: «Төңірім қазаққа елдікті де, ерлікті де, даналықты да берген!» деген халқымыздың қанатты сөзі жазылды.

Тағы бір маңызды мәселе —күні бүгінге дейін кесененің кіре беріс тақтайшасында «Қалдырқаш би» кесенесі, яғни Қарлығаш бидің кесенесі деген жазу ғана болған. Біз осы ұғымды өзгертіп, «Төле би» кесенесі деп шынайы есімін қайтардық

Мавзолейді қайта жаңғырту жұмысына қаржы қосқан Ұлы Төле бабамыздың төл ұрпақтары: Мүсілімбаи Дайырбеков, Тынысбек Қалменов, Өлібек мірәлиев, Зауытбек Тұрысбеков, Алтынсары Үмбетәлиев, Сәуірбай Есжанов, Асқар Тұрысбеков, Дәуренбек Сандыбаев, Қайрат Сапарбаев, Мұхтар Қошқаров, Руслан Бексейітов, Абай Көмекбаев, Қайрат Молдасейітов, Нұрлан Орынбаев, Жаңабек Агабеков, Еркінбай Арзымбетов, Асқар Перналиев, Ділдабек Оразбаев.

Ал енді мен қандай игілікті іс атқармайын, қасымнан табылатын досым, Қайыргелді Қабылдин «Төле би», кешені мен

Жалғасы 6-шы бетте

«Бөкей ханның» мавзолейіне, оның жанында жатқан Жәңгірдің анасының кесене құрылысына да қаржылай қолдау көрсетті.

Ташкент қаласындағы сол кешкі аста барлық қонақтар сөз алды. Қоштасарда бәріміз ертең ертемен Нұратаға қарай жолға шығатын болып келістік. Нұратаға дейін 550 шақырым жол жүріміз керек. Аулада шілденің 45 градус ыстығы. Мен ертемен Мырзатай Жолдасбеков жайғасқан нөмірге бардым, ол кісі дел-сал күйде: “Түні бойы ұйықтай алған жоқпын, ауырып отырмын, бара алмаймын” — деді. Тезірек сауығып кетіңіз деп тіледім де, Ақселеу Сейдімбекке кірдім. Ол кісі ертең ауылындағы асқа елдің ағасы ретінде қатысуы керек екендігін айтты. Мен: “Кеше барамын деп отыр едіңіз ғой?” деген едім, ол кінәлі адамдай үндемей қалды. Кейіннен Ақселеу аға «Әйтеке би» кесенесінің ашылуына бара алмағанына қатты өкініпті. Мірбек Байгелді: “Мырзекең мен Ақселеу бармаса — мен де бармаймын” деді. Ал Сәбит Оразбаев денсаулығына байланысты Ташкенттен қайтатынын әу баста ескерткен болатын. Енді Әбіш Кекілбаев қана қалды. Кірсем оның да онша барғысы келмей отырған сыңайлы. Мен Әбіш ағаға: “Жоғарыдағы ағалар өз бабаларына тәу етті, енді сіз өз атаңыздың басына барып, 300 жылдан кейін кесене мен мұражайды ашу парызыңыз емес пе?!” дедім. Клара апа: “Зауытбек, Әбекең — бұрынғы Әбекең емес, денсаулығы алыс жолды көтермейді” деді. Мен Әбекеңнің ауруханада емес, «Сарыағаш» курортында демалып жатқанын, кеше Төле бидің басында болып, бүгін «Әйтеке би» кесенесінің ашылуына келмей кетті деп айтамын дедім. Әбеке: “Бұл — ауыр өңгіме ғой!” деді.

Оған өзіңіз солай айтқызып отырсыз дегенді жеткіздім. Сосын екі аралықтағы жолдың алыстығын ескеріп, Елшінің кеңесшісі Омарбек Нұржановқа Бұхара арқылы самолетпен ұшуды ұйымдастыр деп тапсырма бердім.



зіміз Нұратаға машинамен аттанып кеттік. Күн күйіп тұрды. Нұратаға сағат 11.00 де жеттік. Мен үш күн бұрын осында болып тұсаукесердің дайындығын жасап кеткенмін. Адам төзгісіз ыстық шыжғырып тұр. Жиналған жұрттың бәрі жиынды түскі ас берілетін кафеде өткізейік деген ойлармен ортаға салды. Мен бұл ұсынысқа көнбей, осы жерде шыдағанымызша бастайық, сонан соң кафеге барармыз дедім. Бірақ жиналған жұрттың көңілін көтеру үшін “Көресіздер, күн салқындайды!” — деп үміттендіріп қойдым.

Солай болды да! Кесене басына келгенде, қою қара бұлт жалындап тұрған күннің бетін бүркеп кетті. Ашылу салтанатына 10 облыстан 2 мыңдай адам жиналды. Тұсаукесер сағат 13.00- ге жоспарланған еді, жиналған жұртты шаршатпай, ертерек бастай беруді жөн көрдік. Әбіш Кекілбаевпен телефон арқылы байланысып едік, ол кісілер Бұхарада тамақтанып отыр екен. Біз бастап жібердік. Ол кісілер бірер сағаттан кейін келіп қосылды. Мен әуелі Әбіш Кекілбаев ағамызды Сейітқұл әулие мен Әйтеке би бабаның басына апардым, Құран оқыдық. Содан кейін ғана президиумға отырдық.

Әбіш Кекілбаевқа сөз берілді. Ол өзіне біткен шешендік шеберлікке сай жарты сағатсөйлеп, микрофонды жүргізушіге берді. Қатарда отырған мен сыбырлап, құрылысжүргізген жігіттерге рахмет айтуды ұмытқанын жеткіздім. Ол микрофонды қайта қолғаалып, Жұмабек Мұқановтан бастап 8 атымтай-жомарт жігіттерге алғысын жаудырды.



Қасына ерген Жұмабек Мұқанов самолетпен Бұқараға жеткенше жолшыбай «кешен құрылысын салуға қалай көмектескенін» судыратқан ғой! Әбекең оны шынайы қабылдаған. Біраз уақыттан кейін ол тұсаукесердің аяғын күтпей, Бұхараға жүріп кетті.

Жұмабек Мұханов та бірге кетті.

Бұлт күннің көзін тұмшалай берді. Барлық делегациялардың жетекшілері сөyledi. Қызылорда облысының делегациясын бастап келген Сейілбек Шаухамановтың жүрекжарды сөзі есте қалды. Тұсаукесер аяқталуға жақындағанда, жиналғандарды мөлдір тамшыларымен сипаған бұлт та ауа бастады. Табиғаттың бұл сыйына тұсаукесерге қатысқан қауым куә болып, бас шайқады. Кейбірі мұны Әбекеңе теліді, ол маңғыстаулық 363-ші Әулие ғой деп! Осы күні бізді бабаларымыздың рухы, аруақтары жебеді ғой деп ойлаймын. Бұл — Алла тағаланың күдіреті!

Сонан кейін кафеге келіп, ас бердік. Шады өка мені ұзақ, үнсіз құшақтады. Ол ауыр науқас еді. Сонан кейін кезіккен жоқпыз. Көзінің тірісінде «Әйтеке би» мазарын көріп, арманына жеткен абыз ақсақал бақилық болып кете барды. Аргынғазы Беркінбаев кесененің ашылуына Ақтөбеден ұшып келмек болған екен. ЯК -40 шартерлік рейсі самолеттің от алмай қалуына байланысты келе алмай қалыпты. Бұл кездейсоқтық па, әлде Аруақ қолдамады ма, білмеймін, Алланың қалауы солай болған шығар. Осыған куә Дархан Мыңбай бауырым өз жұмыстарымен Ақтөбеде болып, кесененің ашылуына бөлек ұшып келді.

Адамның ту сыртынан жасалған істің бәрі Аллага аян, көрініп тұрады деп тегін айтпаса керек! «Әйтеке би» кесенесінің құрылысы туралы арсыз даурықпалар мен кикілжіндер қыза түсті. Қаражанның айтуынша өзін, Шахарбек ағаны, Рахатты, Бернардты Астанаға шақыртып,

“Сендерге жақсы қызмет беріп, кәсіптеріңді қолдаймыз! Тек

Тұрысбековтың кесене құрылысына қатысы жоқ, тек Елші ретінде өз міндетін ғана атқарып жүрді!” — деп айтуды қолқалаған. Бұл іске Аргынғазы Беркінбаев жоғары жақтағы бір адамның тапсырысымен жетекшілік еткен. Қаражан мен Бернард бірден қарсы шығып: “Тұрысбеков болмаса кесене де болмайтын еді!” — депті. Осыны Шахарбек аға да құптап: “Заке, бірінші Құдай, екінші Сіздің арқаңызда кесене құрылысы бітіп жатыр” — деген еді. Ал Қаражан екеуіміз студент кезден жолдаспыз, ол барлауға бірге баратындай нағыз дос. Ондайлар ешқашан сатпайды ғой.

кінішке орай, арамыздан ерте кетті. Жатқан жері жайлы болсын. Мен ешкімге ренжімеймін, сүттен ақ, судан таза пенде жоқ, бәрі де қателеседі. Тек Шахарбек аға ғана анау арсыздардың айтқанына көніп, айдауында жүрді. Бұндай сатқындыққа ол кісінің қалай барғанын білмеймін?! Облысымызда құрметті ақсақалдардың бірі болды. Ашық, адал адам еді, сайтанның сапалағы тұртты ме, кім білсін?! Арамызда ағайыншылық та бар болатын... лгендер жайлы жақсы сөз айтады немесе ештеңе айтпайды.

Құрылысты бітіргеннен кейін әрқайсымыз әр тарапқа тарқап кеттік. Мен алдымен Мәскеуге, сонан соң Киевке Елші боп кеттім. Бір жылдан кейін Шахарбек збекстанның жаңа Елшісі Бөрібай Жексенбинмен бірге «Әйтеке би» кесенесін қай-

тадан ашып, шырқыраған шындықты айтып қояр деп ойлады ма екен, өзге жігіт-тірдің біреуін де шақырмапты. Осы уақыт ішінде Шахарбек аға жыл сайын ас беріп, кесенеге қарап жүрді. Бұл да үлкен еңбек қой деп қабылдадым. Қосымша минарет, мұражай, қонақ үй тұрғызды. Мен елге келген сайын жиын-тойларда Шахарбек ағамен кездесіп қалатынбыз. Оған жігіттердің ренжіп жүргенін айттым. Олардың басын біріктіргеннің орнына бөлектейсіз, Құдайдан қорықпайсыз ба деп те сұрадым.

«Ойнамағын Аруақпен,

Аруақ ұрап он батпан!

Құдай ұрған — оңалар,

Аруақ ұрған — оңалмас!»

- деген нақыл бар. Осыны айтқанымда ол міңгірлеп, Нұратадан қайтып келе жатып көлік апатына түсіп, аман қалғанын өңгімеледі. Келесі бір кездескенімізде: “Кесенені бұзып, қайта салғысы келетінін” жеткізді... Мен бұл өңгімеге аң-таң қалып: “Бұндай қадамды қайдан шығарып жүрсіз? Кімдердің ақылы бұл?! сіңізден өзге жігіттердің сіңірген еңбегі, төгілген маңдай тері ойлантпады ма сізді?!” — деп сұрадым. Ол үндемеді. Бірдеңе айтуда ары жібермеді. Демек біреудің тапсырмасын орындағысы келгені көрініп тұр. Біреудің ойластырған қулығының қақпанына түскен!

Осы оқиғада ең жаманы — жақын адамдардың сатқындығы! Г.Жуков 1941 жылы И.Коневті ату жазасынан құтқарып қалған. Ал жылдар өте И.Конев Кеңес Одағының маршалы атанады. Соғыстан кейін Г.Жуков та қудалауға түседі. И.Конев оны ойланбастан сата салған! Кейін, уақыт өте өзі өкініп, Г.Жуковтен хат арқылы кешірім сұрайды. Сонда Жуков хаттың үстіне: “Сатқындарды кешірмеймін, кешірімді Құдайдан сұра, ал күнәлеріңді шіркеуде өтерсің! Г.Жуков» деп жауап қайырган екен.

Бір күні Қаражан ашуда булығып, маған асығыс жетіп келіпті. Шахарбек ағамыз өзінің 80 жылдық тойында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевқа кесенені жалғыз өзім салдым деп ақпарат берген көрінеді. Бұны БАҚ құралдары жарыса жазып жатыр дегенді жеткізді. Амал жоқ, «Жас Алаш» газеті арқылы бұл сұмдықты жоққа шығармақшы!

Мен оны отырғызып, ентігін бастым. Біраздан соң: “Ал енді грузиндер сияқты темекі тартып, біраз өзіңмен-өзің отырып, ойға шомып көрші. Сонда басқалардың қателігін қайталамайсың!” — дегенді түсіндірдім.

Ұлы істер үнсіз тындырылады емес пе?! Егер артымызда жақсы сөзіміз ғана емес, игі ісіміз де қалсын десек — онда ішкі есебімізді естен шығаруымыз керек! Ақиқатпен алысатындар көп болған ғой қашанда! Оған баяғыда-ақ көзім жеткен! Іткені, шындық кебісін кием дегенше — өтірік он ауылды айналып өтеді!

Екеуіміз екі жерде өзді-өзімізбен ойға шомып отырғанда біраз уақыт өтіп кетіпті. Бір кезде Қаражан отырған орнынан тұрып: “Сіз көпті көрген адамсыз ғой, Заке, дұрыс айтасыз!” — деп келісті. Осы тұста мен Қаражан екеуімізге анам айтқан мына бір жәйді есіне салдым. Ол былай болған еді: Біз Әйтеке бабаға кесене тұрғызар алдында Қаражан екеуіміз анамыздан арнайы бата сұрадық. Анам Төле бидің ұлы Жоланның жетінші ұрпағы боп келеді дедім ғой. Батасын беріп тұрып: “Ниеттерің дұрыс-ау, балам, бірақ... ақиқаттың жолы азап қой, шындық пен ақиқаттың айдауда жүрмейтін кезі жоқ! Себебі, қызғаныш деген қызыл ит бар! Сендерден бұрын әрекет жасап, тындыра алмағандар тыныш жүреді дейсіңдер ме? Төле бабаның кесенесін жөнде де, басқа істі қоя ғой!” — деген еді. Ақырында солай болды да! Бірақ мен азаматтық арым қалай шешсе — солай істедім.

Менің көз алдымда ылғи да Шады өканың бейнесі тұрды, өйткені ол кісіге Әйтеке бидің кесенесін көрсетемін деп серт бердім ғой. Сол орындалды!

Әйтеке би айтқан екен:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін!

Егер бай болып, елге пайдаң тимесе,

Батыр болып, жауға найзаң тимесе,

Елден бөлек салған — үйің күйсін!

— деп. Адам мына өмірде Отанның, Елдің алдындағы парызын өтеуге қолы жетіп, жақсылығын жасаса — өзі нұрлана түседі. Ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті сезінген жанның қолынан үлкен істер, ұлағатты үрдістер келері анық. Мен сол жылдары көршілес, бауырлас, достас мемлекеттерде өз елімнің өкілетті Елшісі болдым.

з мойныма нар көтерер жүк артып, алға қойған мақсатты абыроймен орындап шықтым. Біздің халықтардың бауырлас-тығы арқасында, көп нәрсеге қол жеткіздік. Үш мың жылдық жылнамасы бар Нұрата зиратында көп жылғы немқұрайлықтың көбесі сөгіліп, біздің бабаларымыздың басына өшпес белгі қойылып, кесенелері ашылды. Бұл жерде қазақтар мен өзбектер, тәжіктер, қарақалпақтар мен қырғыздар қатар жерленген. Мен «Біз бір халықпыз. Тіліміз де, дініміз де, базарымыз да, мазарымыз да бір!» деген аталы сөздің тарихи тұрлауын түсіндім. Достығымыз мәңгі болсын.

Равшанбек Мансұров менің өтінішім бойынша «Төле би», «Әйтеке би» кесенелерін Үкімет қаулысымен бұзуга болмайтын тарихи ескерткіштер тізіміне кіргізді. Мен сіздердің, халқымның алдында парызымды орындадым. Қалай болғанын баяндап бердім. Мына көп суреттер соның бір айғағы іспетті. Қазақтар «Шындық шыңның басында жүреді, ертелі кеш шындық шыңнан түседі!» дейді екен. Мүмкін сол сәт туған шығар.

Сол күндері менің досым Иманғали Тасмағамбетовтен менің атыма «Сейтқұл әулие мен Әйтеке би» кешені үшін, шын жүректен алғыс айтқан телеграмма келді. Біздің еңбегімізді бағалай білгені үшін алғысымды айта отырып, досымның жүрекжарды тілегімен өңгімемді аяқтағым келеді.

Қазақстан Республикасының збекстан Республикасындағы Елшісі

З.Тұрысбеков мырзаға.

Құрметті Зауытбек Қауысбекұлы!

Мың өліп, мың тірілген ұлтымыздың тарихы рухани шежірелерге бай. т-кенімізге көз жіберсек, есеміздің кетіп, ең-семіз түскен кездер аз емес. Дегенімен халқымыз «тар жол, тайақ кешулерден» аман-есен алып шығып отырған өзінің дана тұлғаларына кенде болмаған. Солардың ішінде жұртшылықтың сенімін ақтап, елдің ішкі тұтастығын сақтап келген би-шешендеріміздің орны ерекше. Олардың өмірі ұрпақ үшін қашанда — үлгі, ұстанымы — өнеге. Бұл орайда әділ сөздің алдаспаны Әйтеке би мен семсер тілді әулие Сейтқұл Баба — ұлт-ұлысымыздың бірегей тұлғалары.

«лі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл бар халқымызда. Қасиетті бабалардың жатқан жерін кие тұтып, басына белгі орнату — кейінгі ұрпақ үшін киелі парыз. Бұл ретте, осы бір сауапты істің күрделі құрмеуін шеше білген Сіздің іскерлігіңізге дән ризамыз. зге елдің аумағында Баһадүр бабаларымызға арнап кесене тұрғызып, мешіт салу — бұл Сіздің биік беделіңіздің, ұлттық намысты ұлықтай білген нар тұлғаларыңның арқасы. Елбасымыз сенім артқан азаматтар қатарында Сіз қай кезде де абыройлы биіктерден көрініп жүрсіз. Қай қызметте болмасын біліміңіз бен білігіңізді, қайратыңыз бен жігеріңізді халық иелігіне жұмсап келесіз. Екі мемлекет арасында бүгін де атқарып отырған мәмілегерлік міндетіңіз өз алдына бір төбе.

Қазақ пен өзбек ежелден достығы берік, мазары да, базары да ортақ бауырлас халық. Олай болса, алдағы уақытта да ел мен елді рухани біріктіріп осындай іргелі істердің басынан табыла бергейсіз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, қызметіңізге жеміс тілеймін.

Құрметпен, Иманғали Тасмағамбетов

20 шілде 2009 жыл

Ал Ресейде Елші боп жүргенде Краснояр ауданының Кіші Арал ауылында «Бөкей ханның» мавзолейін көтеріп, қасына өзінің бәйбішесі, Жәңгірдің анасына арнап кесене қаладық. Әрине, бұл бөлек өңгіме.

Зауытбек ТҰРЫСБЕКОВ.



Ликвидация

*** ТОО "BATU Construction" объявляет о своей ликвидации (БИН 210840032802) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Абуова 35. п/и 161200.

*** ТОО "Ай Фаз" объявляет о своей ликвидации (БИН 150940000636) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Баян батыра дом 84 п/и 161200.

*** ТОО "ELNEBA" объявляет о своей ликвидации (БИН 220440047888) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Куншыгыс дом 26-58 п/и 160016.

*** ТОО "NUR eyes" объявляет о своей ликвидации (БИН 180940016787) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Курманбекова 5 А. п/и 160000.

*** Объединение собственников имущества" г.Шымкент ул.Иляева 7" объявляет о своей ликвидации (БИН 210740024352) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул. Иляева 7.

*** ТОО "АТАМЕКЕН AGRO HOLDING" объявляет о своей ликвидации (БИН

240640002046) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана мкр. Алатау ул. Жанибека Тархана дом 5 кв.60. п/и 010000.

*** ТОО "Научно-производственный центр "ГИЦемсервис" объявляет о своей ликвидации (БИН 070340009155) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан проезд Конституции дом 54 А.

*** ТОО "ЮГ Гарант" объявляет о своей ликвидации (БИН 190340004644) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент Тамерлановское шоссе 1 кв.45.

*** ТОО "БОЖБАН-СТРОЙ" объявляет о своей ликвидации (БИН 230540010011) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул.Гаухартас дом 35 п/и 161200.

*** ТОО "АЛНЭЛЬ" объявляет о своей ликвидации (БИН 210340005580) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент проезд Мектеп дом 110 п/и 160000.

*** ТОО "Nur stroy 2003" объявляет о своей ликвидации (БИН 231240021019) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Туркестан ул. Еркиндик дом 22 п/и 161200.

БАЛДЫҢ ТҮРЛЕРІН БІЛЕСІЗ БЕ?

сімдіктің бір түрінен жиналған бал «бір шырынды», ал бірнеше өсімдік түрінен жиналған бал «көп шырынды» деп аталады. Оныңөсімдіктің түріне қарай атайды. Қазақстанда әр уядан орта есеппен жылына 15 кг-ға дейін, жекелеген тәжірибелі бал ара өсірушілер 180 кг-ға дейін бал жинайды екен. Көп шырынды бал — өсімдіктердің бірнеше түрінен жиналған шырын. Оны табиғи бал беретін өңірлерге байланысты дала балы, тау балы, бақ балы деп ерекшелейді.

мірде табиғи балды ажырату оңай емес. Қантты бал араны қант шырынымен қоректендіру арқылы алынады.

Гүлдейтін қанша ма өсімдіктер бар болса, сонша ма балдың түрлері бар. Біз енді солардың бастыларын атап айтсақ.

Түйебұршақ (донник) балы бірінші сортты балға жатады. Ақ немесе ашық — янтарь түсті болып келетін хош иісі бар балдың бұл түрі глюкозаға бай. Түйебұршақ балы ішек ауруларына пайдалы.

Шайқурай (кипрей) балы мөлдір жасыл сары түсті сұйық бал. Балдың бұл түрін әлсіздікке, жараны қайтаруға пайдаланылады.

Жөке (липа) балы жақсы сортқа жатады. Сары жасыл түсті балдың бактерияға қарсы қасиеті бар. Жөке балының тамақ ауруларына пайдасы мол. Сондай-ақ, тыныштандыратын, ұйқыны жақсартатын қасиеті бар.

Шабындық (луговой) балы бірінші сортты балға жатады. Сары қоңыр немесе алтын түсті балды шабындықтағы түрлі гүлдерден алады. Бұл бал арқылы тыныс алу, жүйке, жүрек және ас қорыту жүйесін емдеуге болады.

Таңқурай (малина) балы ақ түсті болады. Жоғары сортқа жататын балдың бұл түрі суық тигенде тұмаудың алдын алу үшін пайдаланылады.

Қарақұмық (гречишный) балы қою қызыл немесе қоңыр түсті болады. Жоғары сортқа жататын бұл балдың ерекше иісі бар. Қарақұмық балы темірге, магний, мысқа бай болғандықтан, түрлі қан ауруларын емдеуге пайдаланылады. Жүйке жүйесіне де қарақұмық балы бірден-бір ем. Сондай-ақ, тері ауруларын да балдың осы түрімен емдеуге болады.

Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Баирхановой Гулзамиры Туигимбековны, умершей 28.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г. Шымкент мкр.Отырар 59-26. тел. 8-778-402-83-83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ким Альбины Евгеньевны, умершей 28.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Замбаевой А.А. г.Шымкент ул.Ташенова 36 а. тел. 8-701-756-30-12.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сухорукова Валерия Викторовича, умершего 12.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул.Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шералиевой Турсына умершей 04.09.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г.Шымкент пр.Кунаева 59 тел. 8-777-417-72-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жумалиева Заитхана Жасзаковича, умершего 19.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Чепкова Евгения Алексеевича, умершего 07.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Мирзакелдиевой А.Т. г.Шымкент пр.Республики 27 тел. 8-708-321-87-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хван Ирины Ильиничны, умершей 22.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5-14. тел. 8-702-888-07-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юлдашевой Мехриниси, умершей 23.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Батыршаевой К.Ж. г.Шымкент ул.Туркестанская 2/3 а. тел. 8-701-717-38-91.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бочарниковой Елены Николаевны, умершей 05.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Садыккызы Г. г.Шымкент ул.Ташенова 8-5 тел. 8-707-310-03-73.

*** Открылось наследство после смерти гр. Молдабековой Бекзады Тюлепбергеновны, умершей 28.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кентаеву К.К. г.Шымкент мкр.Спортивный 6-56. тел. 8-702-201-55-66.

*** Открылось наследство после смерти гр. Гилевой Натальи Александровны,

умершей 19.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдухалыковой Тилеукула, умершей 28.05.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимову Е.Р. Туркестан обл. с.Рыскулова ул. Жантурова 22. тел. 8-701-164-16-40.

*** Открылось наследство после смерти гр.Егенова Бахыта Амантаевича, умершего 22.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Алимову Е.Р. Туркестан обл. с.Рыскулова ул.Жантурова 22. тел. 8-701-164-16-40.

*** Открылось наследство после смерти гр. Якубовой Саимы Шайхразиевны, умершей 27.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кемеловой А.С. г.Шымкент ул. Рыскулова 5/5 тел. 8-701-716-27-81.

*** Открылось наследство после смерти гр. Караблина Александра, умершего 17.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой Р.Р. г.Шымкент ул.Гагарина 54 тел. 8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Гришкевича Елены Геннадьевны, умершей 26.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35 тел. 8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Макутова Мурата Умурзакулы, умершего 25.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Юлдашева Султанбека Анварбековича, умершего 09.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ескерову Т. г.Шымкент ул.Абая 11 тел. 8-701-505-88-98.

*** Открылось наследство

Жарамсыз деп танылсын

*** 1993ж. туылған Әлтеев Нұрлан Бауыржанұлына тиесілі Әскери билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утеранный разрешительный документ ИП "Сайлаубаева Э.С" бланк на международный перевозку грузов Беларуси 3 стран №4079916 считать недействительными.

после смерти гр. Омархановой Шинары Шаншаровны, умершей 09.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Калиеву А.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-708-761-26-31.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сейтжанова Мелеса, умершего 01.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул.Байтурсынова 5-14. тел. 8-702-888-07-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дрозд Олега Александровича, умершего 19.08.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул.Уалиханова 219-41.

*** Открылось наследство после смерти гр. Салимжанова Аскара Рахматуллаевича, умершего 12.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Султанбекову Е.Т. г.Шымкент ул.Иляева 4-41 тел. 8-701-718-10-49.

*** Открылось наследство после смерти гр. Низаметдинова Массаредина Нуратдиновича, умершего 23.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменовой А.О. г.Шымкент ул.Жолдасбекова 56. тел. 8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ештаевой Гавхара Абдуллаевны, умершей 15.10.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кусебаевой А. г.Шымкент ул.Аскарова 5 тел. 8-701-725-23-34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Калиева Жалгаса Бабакуловича, умершего 16.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлан. шоссе 22. тел. 8-771-307-55-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нургалиева Каната Куанышовича, умершего 19.11.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр.Нурсат 39/1 тел. 8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Махамбетжановой Жуатхана Махамбетжановны, умершей 27.06.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул.Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Каражановой Замиры Маратовны, умершей 19.07.2024г. Наследникам обращаться к нотариусу Ешаевой Г.Д. г.Шымкент ул.Байтерекова 89. тел. 8-771-685-75-23.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Гүлжауһар БАЖАҚАЙ
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ-МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалгас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мәқаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу
индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Тел: 8-776-332-26-61

Таралымы: 5070

Нөмірдің кезекші редакторы - Арайлым ӘБСАФ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылы 9 қаңтарда сағат 11:00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Тәуке хан көшесі 5/4 мекенжайында «Бадам өзенінің арнасы астындағы “Қазақстан-Қытай” магистральдық газ құбырының қиылысында қорғаныс құрылыстарын салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Орталықтың географиялық координаттары — ендік: 42°14'49"С., бойлық 69°46'10"Ш. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84146820270?pwd=ZY0ZdeNoH755qxORn4rw6-WXWBvnuAN.1> Конференция идентификаторы: 841 4682 0270 Кіру коды: 7п0Jzv

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: ЖШС «Азиатский Газопровод». Тел: +7 (727) 3930049. E-mail: g.nugumanov@agr.com.kz Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.» Байланыс тел: 8-707-947-69-47. E-mail: bgm-86@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: <https://ecoportal.kz> және ЖАО «Шымкент қаласының қалалық жайлы органы дамыту басқармасы» ММ сайтында ұсынылады. Мекенжайы: Шымкент қ., Түркістан к-сі, №11А. E-mail: prirodab@mail.ru сайт ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/press/article/details/18393?lang=ru>

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» және prirodab@mail.ru айдарымен қабылданады.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін bgm-86@mail.ru эл. поштасына және тел: 8-707-947-69-47 хабарласыңыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

9 января 2025 года, в 11:00 часов, по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Тәуке хана 5/4 будут проводиться общественные слушания отчет о возможных воздействиях к Рабочему проекту «Строительство защитных сооружений на пересечении магистрального газопровода «Казахстан-Китай» под руслом реки Бадам». Географические координаты центра - широта: 42°14'49"С., долгота: 69°46'10"В.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us05web.zoom.us/j/84146820270?pwd=ZY0ZdeNoH755qxORn4rw6-WXWBvnuAN.1> Идентификатор конференции: 841 4682 0270 Код доступа: 7п0Jzv

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Азиатский Газопровод». Тел: +7 (727) 3930049. E-mail: g.nugumanov@agr.com.kz Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.» E-mail: bgm-86@mail.ru Тел:8-707-947-69-47

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент». Адрес: г. Шымкент, ул. Туркестанская, №11А. E-mail: prirodab@mail.ru сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar/press/article/details/18393?lang=ru>

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания» и prirodab@mail.ru

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл.адресу: bgm-86@mail.ru Тел: 8-707-947-69-47.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылы 14 қаңтарда сағат 11:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Аксукент а/о, Ақсу ауылы, Жібек Жолы даңғылы 172 мекен жайында «Түркістан облысы Сайрам ауданы, Аксукент ауылы, 1/2 уч., “Форт” ЖШС жол құрылыс материалдарын сақтау және босату үшін қойманы реконструкциялау» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Орталықтың географиялық координаттары — ендік: 42°26'50.99"С., бойлық 69°49'38.12"Ш. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596. Кіру коды: 123456. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: ЖШС «Форт». Байланыс: тел: 8 771 448 8086. E-mail: yelena.van@mail.ru Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.»

Байланыс тел: 8-707-947-69-47. E-mail: bgm-86@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: <https://ecoportal.kz> және ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы» ММ сайтында <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> ұсынылады. ЖАО эл.адрес a.erkebai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Туркестан қ., Жаңа қала м/а, көше.32,20.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» және a.erkebai@ontustik.gov.kz айдарымен қабылданады.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін bgm-86@mail.ru эл. поштасына және тел: 8-707-947-69-47 хабарласыңыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14 января 2025 года, в 11:00 часов, по адресу: Туркестанский область, Сайрамский район, Аксукентский с/о, с.Аксу, пр. Жибек Жолы 172 будут проводиться общественные слушания отчет о возможных воздействиях к Рабочему проекту «Реконструкция склада для хранения и отпуску дорожно-строительных материалов ТОО «Форт», уч. 1/2, с. Аксу, Сайрамского района Туркестанской области». Географические координаты центра - широта: 42°26'50.99"С., долгота: 69°49'38.12"В.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 6165408596 Код доступа: 123456 Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Форт». Тел: 8 771 448 8086. E-mail: yelena.van@mail.ru Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.» E-mail: bgm-86@mail.ru Тел:8-707-947-69-47

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Эл.адрес МИО a.erkebai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания» и a.erkebai@ontustik.gov.kz

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл.адресу: bgm-86@mail.ru Тел: 8-707-947-69-47.

ЖАРИЯЛАНЫМ

Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотында арыз беруші Бақыткүл Серикжановна Абдразахованың (тұрғылықты мекенжайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Күрсай мөлтек ауданы, Айшықты 5 тұйығы, 4 үй, анасы 1961 жылғы 1 қыркүйекте Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында туылған Сара Сагимбаевна Исмаилова-

ны (соңғы тіркелген мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Оренбургская көшесі, 108 үй) қайтыс болды деп жариялау туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлап, осы азаматшаның жүрген жерін білетін адамдарға жарияланым шыққан күннен бастап үш ай мерзімде Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына ол туралы хабарлау керек.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы «М.Тынышбаев атындағы и АЛТ Университет» АҚ Президент-Ректоры Әміргалиева Салтанат Нұрәділқызына жұбайы, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА Корреспондент-мүшесі, профессор, Ақпараттық Байланыс және Ғарыш технологиялары бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің Төрағасы, ҚР ҒЖБМ Компьютерлік және Есептеу технологиялары институтының Жасанды интеллект және Робототехника лабораториясының жетекшісі

Еділхан Несіпханұлы ӘМІРҒАЛИЕВТІҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылы 15 қаңтарда сағат 11:00-де Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Қабыланбек елді мекені, Т.Айбергенов көшесі, №8. мекенжайында «Түркістан облысы Қабланбек ауылдық округінде 3,5 МВт шағын ГЭС салу» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді. Орталықтың географиялық координаттары — ендік: 41°26'45.70"С., бойлық 69°17'22.84"Ш. Карантин жағдайында қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 6165408596. Кіру коды: 123456.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «А К «Ынтымак» К. Байланыс тел: 8 7056894095. E-mail: nurlibaev13k@mail.ru Әзірлеуші: ЖК «Баймаханова Г.М.»

Байланыс тел: 8-707-947-69-47. E-mail: bgm-86@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сілтеме бойынша танысуға болады: <https://ecoportal.kz> және ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы» ММ сайтында <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> ұсынылады. ЖАО эл.адрес a.erkebai@ontustik.gov.kz Пошталық мекенжай: 160023 Түркістан қ., Жаңа қала м/а, көше.32,20.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған тыңдаулар» және a.erkebai@ontustik.gov.kz айдарымен қабылданады.

Жоспарланған іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін bgm-86@mail.ru эл. поштасына және тел: 8-705-717-00-26 хабарласыңыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

15 января 2025 года, в 11:00 часов, по адресу: Туркестанский область, Сарыағашский район, Кабланбекский сельский округ, населенный пункт Кабыланбек, ул.Т.Айбергенов №8 будут проводиться общественные слушания отчет о возможных воздействиях к Рабочему проекту «Строительство мини ГЭС на 3,5 МВт в Кабланбекском сельском округе Туркестанской области» Географические координаты центра - широта: 41°26'45.70"С., долгота: 69°17'22.84"В. В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме. Ссылка на онлайн конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 6165408596 Код доступа: 123456

Инициатор намечаемой деятельности: ПК «СПК «Ынтымак». Тел: 8 7056894095. E-mail: nurlibaev13k@mail.ru Разработчик: ИП «Баймаханова Г.М.» E-mail: bgm-86@mail.ru Тел:8-707-947-69-47

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>, а также сайте МИО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru> ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Эл.адрес МИО a.erkebai@ontustik.gov.kz Почтовый адрес: 160023 г.Туркестан, мкр.Новый город, ул.32,20. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные слушания» и a.erkebai@ontustik.gov.kz

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл.адресу: bgm-86@mail.ru Тел: 8-705-717-00-26.